

ISSN 1728-5461

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Kazakh national pedagogical university after Abai

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы,
Серия «Исторические и социально-политические науки»,
Series «Historical and socio-political sciences»

№3(58), 2018

Алматы 2018

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік
ғылымдар» сериясы,
№3(58), 2018

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
т.ғ.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:

т.ғ.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**
(бас ред. орынбасары),
т.ғ.к., доц. **Р.Р. Оспанова**,
т.ғ.к., доц. **Т.Т. Далаева**,
(жауапты хатшылар),
т.ғ.д., проф. **Х.М. Әбжанов**,
PhD, проф. **Вирджиния Мартин**
(АҚШ),
PhD, проф. **Клаудиа Чанг** (АҚШ),
т.ғ.д., проф. **Қара Әбдіұзақ**
(Түркия),
т.ғ.д., проф. **О.Д. Осмонов**
(Қырғыз Республикасы),
т.ғ.д., проф. **В.М. Козьменко**
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов**,
проф. **М.Майер** (Германия),
т.ғ.д., проф. **К.Р. Несіпбаева**,
т.ғ.д., проф. **А.Б. Соколов**
(Ресей Федерациясы),
т.ғ.д. **Томохико Уяма** (Жапония),
т.ғ.д., проф. **Т.Ходжаоглы** (Түркия)

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2018

Қазақстан Республикасының
мәдениет және ақпарат
министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10102 - Ж

Басуға 09.11.2018 қол қойылды.
Пішімі 60х84 1/8. Көлемі 51,5 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 423.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е C o n t e n t

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ SOCIAL AND ECONOMIC HISTORY

Қойгелдиев М.Қ. ҚР ҒА және оның Президенті Қ.И. Сәтбаев 1946-1952 репрессия жылдарында.....	9
Koigeldiev M.K. Academy of Sciences of Kazakhstan and its president K.I. Satpayev in the period of political repression in 1946-1952.....	
Мажитова Ж.С., Сактаганова З.Г., Омарова Б.К. Великая Отечественная Война и женщины акмолинска на фронтах и в тылу	14
Mazhitova Zh.S., Saktaganova Z.G., Omarova B.K. The Great Patriotic War and aqmolinsk women at the fronts and outside.....	
Казбекова А.Т. Снабжение спецпереселенцев-чеченцев Восточно-Казахстанской области (к постановке проблемы).....	20
Kazbekova A.T. Supply of special settlers, the Chechens East Kazakhstan region (a problem statement).....	
Нурсултанова Л.Н., Оспанова А.Н., Хажмуратова А.М. Қазақстандағы революцияға дейінгі білім беру.....	28
Nursultanova L.N., Ospanova A.N., Khazhmuratova A.M. Pre-revolutionary education in Kazakhstan.....	
Кенжебаев Д.А. Деятельность института Астрономии и физики КазССР в годы великой отечественной войны.....	35
Kenzhebayev D.A. The KazSSR Institute Of Astronomy And Physics Activity in Days of the Great Patriotic War.....	
Тілеубаев Ш.Б. Қазақстан XIX-XX ғасырдың басындағы Ресей империясының қазба байлықтарды игеру стратегиясында.....	40
Tleubayev Sh.B. Kazakhstan in the strategy of the Russian empire on the development of mineral resources in the XIX - in the first half of the XX century.....	
Тулбасиева С.К. XX ғ. 20-30 жж. халық ағарту ісін қалыптастырудағы қазақ зиялыларының ұстанымы мен үлесі.....	45
Tulbasieva S.K. The role and contribution of the kazakh intelency in the formation of education of the 20-30 years in XXth century.....	
Ибраев Е.Е. Становление кино в советском Казахстане и образы казахов довоенного и военного времени.....	49
Ibrayev E.E. The formation of cinema in soviet Kazakhstan and the images of kazakhs of the household and military time.....	

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ GENERAL HISTORY

Адырбек Б.С., Ергөбек Ш.Қ. Ресей мемлекеттегінің қалыптасуы мен дамуына Алтын орданың ықпалы.....	53
Adyrbek B.S., Ergobek Ch. Influence of the Golden order on the formation and development of the Russian State.....	
Zhumagulov K.T., Sadykova R.O. Attila's campaign against Gaul and its importance.....	56
Жұмағұлов Қ.Т., Садықова Р.О. Аттиланьң Галлияға жорығы мен оның маңыздылығы.....	
Сманова А.М. Венгрияның тоталитаризмнен демократияға өту кезеңіндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы.....	61
Smanova A.M. The socio-economic situation in Hungary during the transition from totalitarianism to democracy.....	

19 Протоколы заседания Ученого Совета Института Астрономии и Физики // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 21. Св. 1.

20 Сведения об Ученом Совете Института Астрономии и физики АН КазССР // ЦА НАН РК. Ф. 31. Оп. 1. Д. 16. Св. 1. Л. 1.

ӘӨЖ794-11
ГРНТИ 03.00.17

Тілеубаев Ш.Б.¹

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан;
e-mail: Shamek_09@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН XIX – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ҚАЗБА БАЙЛЫҚТАРДЫ ИГЕРУ СТРАТЕГИЯСЫНДА

Аңдатпа

Ресей империясының қазақ даласын отарлаудағы стратегиясының бірі арзан шикізат көздерін табу, жерінің асты мен үстіндегі байлықтарын да игеру еді. Мақалада патшалық Ресейдің Қазақстанды түрлі экспедициялар мен ғалымдар жіберу арқылы, әскери чиновниктердің жинаған мәліметтері бойынша геологиялық-географиялық тұрғыдан зерттеуі және табылған қазба байлықтарын игеруі қарастырылады. Отарлық билік қазақ даласындағы кен орындарын игеруде орыс көпестеріне жағдай жасап, жеке өнеркәсібін дамытуға мүмкіндіктер берген еді. Олар ашылған кен орындарын қазақтардан арзан бағаға сатып алып, ол жерлердегі түсті металдар, көмір кендері мен минералдарын, т.б. байлықтарын игеруде империяның мүддесіне де қызмет жасады, өздері де көп пайда тауып отырды.

Кілтті сөздер: геология, экспедиция, империя, чиновниктер, ғалымдар, кен орындары, пайдалы қазба байлықтар.

Тлеубаев Ш.Б.¹

¹к.и.н., Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
г. Алматы, Казахстан; e-mail: Shamek_09@mail.ru

КАЗАХСТАН В СТРАТЕГИИ РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ ПО ОСВОЕНИЮ ПОЛЕЗНЫХ ИСКОПАЕМЫХ В XIX – В НАЧ. XX ВВ.

Аннотация

Одним из важнейших стратегических задач Российской империи по колонизации казахской степи являлось поиск дешевого сырья, освоение полезных ископаемых. В статье автор рассматривает некоторые аспекты геолого-географического исследования царской Россией Казахстана, также как колониальная политика России по освоению и добычанию рудных месторождений Казахстана создавала выгодные условия прежде всего русским купцам, которые покупали за бесценок у казахов найденные рудные месторождения цветных металлов, угольных шахт, минералов и других полезных ископаемых, тем самым обогащаясь сами, также и служили имперским интересам.

Ключевые слова: геология, экспедиция, империя, чиновники, ученые, полезные ископаемые.

Tleubayev Sh.B.¹

¹Candidat of historical sciences, Abai Kazakh national pedagogical university, Almaty, Kazakhstan; e-mail: Shamek_09@mail.ru

KAZAKHSTAN IN THE STRATEGY OF THE RUSSIAN EMPIRE ON THE DEVELOPMENT OF MINERAL RESOURCES IN THE XIX - IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY

Abstract

One of the most important strategic tasks of the Russian Empire for the colonization of the Kazakh steppe was the search for cheap raw materials, the development of mineral resources. The article discusses the study of

Tsarist Russia of Kazakhstan in the geological and geographical direction. The colonial power of Russia to develop and mine the ore deposits of Kazakhstan created the necessary conditions for Russian merchants. They bought very cheap from Kazakhs found ore deposits of non-ferrous metals, coal mines, minerals and other minerals. Thus, the merchants served the imperial interests, and they themselves were enriched.

Key words: geology, expedition, empire, officials, scientists, minerals.

Ресей императоры І Петр XVIII ғ. басында Қазақ хандығы туралы «...барлық Азия елдері мен жерлеріне кірудің кілті мен қақпасы дәл сол орданың (Қазақ хандығының) өзі ғана, осы себептен де солар арқылы барлық Азия елдерімен қатынасатын жолымыз болуы үшін қазақ ордасы Ресейдің қол астында болу керек» деген еді. Осы мақсатта ол қазақ жеріне 1713-1720 жж. бірнеше экспедициялар жібереді. Алғашқысын 1713 ж. князь Александр Бекович-Черкасский басқарды. 1715 ж. И.Д. Бухгольц экспедициясы жасақталды. І Петрдің И.Д. Бухгольцке арнаулы жарлығында оған Тобылға бару және онда аталған губернатордан 1500 әскери адам алып, солармен Ямышев көліне бару, онда қала жасап, аталған адамдарымен жаңадан салынған бекініс пен оның маңайына орналастыратын жерге жету міндеттелді.

1715 жылы І қазанда экспедиция Ямышев көлінің жағасына жетіп, сол жерде бекініс салды. 1716 ж. Омбы бекінісінің іргесі қаланады. 1717 ж. полковник П.Ступин экспедициясы Ямышевск бекінісінің іргесін одан әрі бекітеді, 1718 ж. П.Северскийдің отряды Железинск бекінісін салады, ал В.Чередов басқарған екінші отряд Семей бекінісінің іргесін қалайды, 1720 жылы И. Лихарев экспедициясы Үлбі өзенінің Ертіске құятын жерінде Өскемен бекінісінің негізін салады [1, 7 б.]. Мұндай бекіністердің салынуы саяси, әскери-стратегиялық мақсатта біртіндеп қазақ даласына сыналап енудің жолдары еді.

1731 жылы 19 ақпанда Ресейдің патшайымы Анна Иоановна қазақтарды Ресей империясының бодандығына қабылдау жөніндегі құжатқа қол қойды. Бұл құжатты қазақтарға жеткізу үшін 1731 жылдың 31 сәуірінде Ресей әкімшілігі Кіші жүзге Сыртқы істер коллегиясының тілмәші А.И.Тевкелев бастаған арнайы елшілік жіберді. Ал империяның Мемлекеттік сыртқы істер алқасы А.И.Тевкелевті қырғыз-қайсақ ордасын Ресей бодандығына өткізу жөніндегі міндеттер белгіленген 12 тармақтан тұратын нұсқаумен жабдықтады. Бұл құжат дипломатиялық миссия үшін іс-қимыл бағдарламасы ретінде болды. Онда Ресей елшісіне тек Кіші жүз қазақтарын ғана емес, бүкіл қазақ елін түгел бодандыққа өткізу міндеті қойылған еді. Осыдан кейін көп уақыт өтпей-ақ Ресей патшалығы қазақтарды түгелдей дерлік өзіне қарату мақсатында өлкеге бірнеше экспедиция жасақтап аттандырады. 1734 жылы мамырда қырғыз-қайсақ экспедициясы құрылып, оны Орынбор экспедициясы деп атады. Бұл экспедицияны Сенаттың обер хатшысы И.К. Кириллов басқарды [1, 11 б.]. Ол 1737 жылы қайтыс болған соң оның орнына экспедицияларды басқаруға Н. Татищев келді. Осылайша қазақ қоғамы мен оның байтақ даласын Ресей империясының отарлық жүйесіне тартып игеру мақсатында неше түрлі экспедициялар ұйымдастырылып отырды. Өлкені отарлауды табанды түрде жүргізуге кіріскен Ресей империясының стратегиясында қазақ даласы «Азияға кіретін кілт пен қақпа» ғана емес, сонымен қатар келешекте жер асты-үсті байлықтары жан-жақты зерттеліп, кеңінен игерілетін ірі шикізат көзі ретінде де қарастырылған болатын. Осы мақсатта ғылыми экспедициялар шығарылып, жекеленген ғалымдар мен әскери чиновниктерде Қазақстанды әр қырынан зерттеп білуге кіріскен болатын. Оның ішінде әрине, қазақ жерінің қазба байлықтарын игеру үшін өлкені геологиялық, географиялық тұрғыдан зерттеу де маңызды еді.

XVIII ғасырдың 40-шы жылдары жекеленген экспедициялар арқылы Қазақстанның батыс өңірінің геологиялық ерекшеліктері, табиғи жағдайы туралы алғашқы мәліметтер алынып, Арал теңізі жағалауының картасы жасалады [2, 519-626 бб.]. Ал әскери чиновник Н.П.Рычковтың есебінде өңірдегі тау қатпарлары, минералдары жайында мағлұматтар кездеседі [3]. Ол сонымен қатар, «Орынбор губерниясының топографиясы» атты еңбегінде бұл өңір жайындағы геологиялық және географиялық мәліметтер талдауға алынып, топырағы мен құмы, жер қойнауындағы мұнай жайында айтылады [4].

Қазақ даласының батысын зерттеуге Ресей Ғылым академиясының 1768-1773 жылдары ұйымдастырылған экспедициялары үлкен үлес қосты. Олардың құрамында С.Г. Гмелин, П.С. Паллас сияқты белгілі ғалымдар болды. Олар Арал мен Каспий теңіздерінің геологиялық және тарихи географиялық мәселелеріне ғылыми тұрғыдан сипаттама береді. Сондай-ақ, өңірдегі тау қатпарларына, ондағы кездесетін темір рудасына, тұзына, топырағына сипаттама ғылыми сипаттама жасайды [5].

Батыс аймақтың геологиясы мен географиясы бойынша Э.А.Эверсманның жинақтаған материалдары ерекше құнды болды. Оның жасаған саяхаты барысында Орынбор мен Арал теңізі аралығы арқылы жүрген даланың геологиялық ерекшеліктері туралы мол мәліметтер жинақталған [6].

Батыс Қазақстанның геологиясы жайында мол деректер беретін еңбектердің қатарына А.А.Левшиннің өзіндік маңызды орын алады. Онда қазақ даласының құм аралас топырақ құрамы, геологиялық

құрылымы, өңірдің табиғи климаттық жағдайы, сонымен әлеуметтік-саяси тарихы, этнографиясы, т.б. жайлы құнды деректер келтіріледі [7].

Ресей империясы қазақ даласына одан әрі ішкерілей еніп, жергілікті халықты өзіне қарату және Орта Азия хандықтарының шекарасына орыс әскерін жақындату мақсатында Ресей Сырдарияның төменгі ағысының бойына әскери бекіністер сала бастады. 1847 жылы Райым бекінісі, 1848 жылы Қазалы форты салынды. Жаңа бекіністердің салынуы орыс әскерлеріне біртіндеп Сырдарияны бойлап жоғары жылжуға және қоқандықтардың қол астындағы ірі бекіністерінің бірі Ақмешітке жақындай түсті. Мұндай әскери бекіністер салу арқылы империялық билік қазақ даласын геологиялық-географиялық тұрғыдан да кеңінен зерттеуге де жағдай жасап, түрлі бағытта экспедициялар ұйымдастырып жіберуге де мүмкіндіктер алды. Сондай экспедициялардың бірі 1848-1849 жылдары А.Н.Бутаковтың басшылығымен келген экспедиция болатын. Ол экспедиция Арал теңізін зерттеп, оның картасын жасады [8].

XIX ғасырдың алғашқы кезеңінде геологиялық-географиялық мәліметтер саудагерлерден, елшілік миссиялардан, саяхатшы ғалымдардан, әскери чиновниктерден де жинақталып отырды. Ондай мәліметтер Қазақстанның әр өңірінен біртіндеп жинақталып отырған еді. XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресеймен айырбас сауда қатынасы дамыды. Сауданың негізгі тіректері Орынбор, Троицк, Петропавловск бекінісі, Омбы, Семей және Орал болды. Ішке нарыққа тауар әкелу сыртқа тауар шығарудан басым болды. Сыртқа тауар ретінде мал және мал өнімдері шығарылды. Кейіннен біртіндеп ішкі сауда дами бастады, бірақ ол негізінен айырбас түрінде ғана жүрді. Қазақ даласында ақша-тауар қатынасының дамуы барысында жаңа әлеуметтік топ кедей-батрақтар пайда бола бастады. Қазақтардың бір бөлігі Ресеймен шектесетін шеп бойындағы ауқатты тұрғындарға жалданып түрлі жұмыстар істеуге кірісті. Ал аздаған бөлігі ғана тау-кен өндірістерінде (Баянауыл таскөмір өндіру, Қарқаралы қорғасын, т.б.) жұмыс істеді.

XIX ғасырдың 40-50 жылдары Қазақстанды геологиялық-географиялық тұрғыдан зерттеумен қатар, оның қазба байлықтарын игеру де қолға алынады. Бұл бағытта Қазақстанда тау-кен өндірісі ісі және кен-зауыт өнеркәсібі саласы дами бастаған еді. Тау-кен өнеркәсібі Алтай өлкесі мен Орталық Қазақстанда дамыды. Онда алтын, күміс, мыс, т.б. түсті металдар мен көмір өндіру ісі тарала бастады. Ондай кен орындарын империялық билік жеке орыс көпестеріне игеруге беріп қойған еді. Мысалы, архив деректерінде құрметті азамат, кеңесші деп көрсетілетін көпес Степан Поповтың аты жиі кездеседі. Ол 1834 жылғы Қарқаралы Сыртқы Округінде Құнақ-Қара, Жұмағұл деген жерден күміс, Қарашеке жерінен мыс, Жылғалаң-Барқыттам деген жерден мыс, Тоң жерінен мыс, Құмадыр мыс, темір рудаларын игере бастаған [9, 1-4 пп.]. Осы Степан Поповтың балалары Николай және Александр 1851 жылғы қараша айының үшінде Семейлік мешан Василий Барановтың 1834 жылы 21 тамызда Қарқаралы Сыртқы Округі Қара-Айтымбет болыстығына қарасты Жарлы өзенінің солтүстік ағысының бойындағы Тай деген жерінен тапқан мыс кен орнын болыс басқарушы Измаилхан Таукин мен Жұман Құдабаев деген қазақтың және Барнаулдық мешанин Николай Копыловтың куәландырумен сатып алады [9, 5-6 пп.].

Орыс көпестері қазақтардың иелігіндегі пайдалы қазба байлығы бар жерлерді түрлі жолдармен өздеріне алып, оны қалағанынша игеріп және емін-еркін пайдасын көріп отырған. Келесі бір архив құжаттарындағы мынадай деректер бар. Тобылдық мешан Саватин Тачимов Баянауыл Сыртқа округінің биі, порудчик Боштай Тұрғымбаев қарасты Талдыгүл деген жерден көмір кенін табады. Табылған көмір кен орнын 1938 жылы 14 маусымда Боштай Тұрғымбаевтан бес жүз рубльге сатып алып және алдағы уақытта оны еркін пайдалану мүмкіндігін алады. Осы жылдың 18 қарашасында жасалған келісім шартта Саватин Тачимов би Боштай Тұрғымбаевтың куәландыруымен бұл көмір кенін кеңесші, семейлік құрметті азамат Степан Поповқа береді [10, 1-12 пп.].

Қарқаралы Сыртқы Округінің приказигі, тобылдық мешан Саватин Тачимов 1934 жылдың 5 мамырында Шыңғыс тауының маңындағы Шаған немесе Қуқамшы деп аталатын өзен бойының Бала-Ауым деген жерінен темір кен орындарын, сонымен қатар Биік-Қара жотасының маңындағы Шүмей деген жерден мыс кенін ашады.

1840 жылы 13 маусымда Қарқаралы Сыртқы Округінің бұрынғы қызметкері, сыналаушы (пробирщик) Иван Штейн Қарақаралының маңындағы Қара-Берке деген жотадан кен орнын ашады, оны Округтің приказигі, Том мешаны Иван Решетников тіркеген. Кен орнының табылғаны жөнінде ол Степан Поповқа сенімхат береді, ол өз кезегінде оны игеруге кіріседі [11, 3 п.].

Степан Попов 1842 жылы қаңтар айының 4-інде Сыртқы Округке қарасты Қамбар болыстығының болысы Жаныбек Қошқаровпен және оның бір топ адамдарының қатысуымен өзара келісім жасап, құрамында алтын және басқа қазба байлықтар кездесетін кен орындарын өзіне және кейін оның ұрпақтарына игеруге болатындай құқық алады [12, 4 п.].

Осылайша Ресейлік отарлық билік қазақ даласының табиғи қазба байлықтарын орыс көпестеріне жеке кәсіпкерлікке беру арқылы игеріп отырған еді.

Қазақ даласының табиғи байлықтарын зерттеумен, әсіресе оның шығыс аймағын ғалымдармен қатар алтын, күміс, т.б. құнды металдар мен рудалар іздеген өнеркәсіпшілерде айналысқан. Бірақ олардың көпшілігі белгісіз күйде қалып қойып отырды. Кейін бұл жақтарға арнайы экспедициялар мен ғалымдар келе бастады. Ресей империясының стратегиясында Қазақстанның әр өңірін тарихи-географиялық, геологиялық тұрғыдан, онда тұратын халқын этнографиялық, шаруашылық, т.б. жағынан танып-білу де маңызды еді. Ал, 1867-1868 жылдары жүргізілген реформалардың барысында қазақтардың Ресей империясының мемлекеттік басқару жүйесіне ену үрдісі аяқталды. Осыдан соң қазақ халқының қоғамдық өміріндегі ғасырлар бойы қалыптасқан табиғи да тарихи үрдістері үзіліп, оның орнына империялық жаңа үрдістер қалыптаса бастады. Мұндай құбылыс отарлық қанауға түскен халықтардың жағдайына тән болса керек. Өзге елдерге үстемдік құрған империя өңірдегі табиғи байлықтарды қазақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына емес, керісінше империяның экономикасын дамытуға мүмкіндіктер жасады. 1891 жылғы «Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы Ереженің» 119 бабы бойынша «көшпенділер иеленген жерлер және ол жерлерге қатысты нәрселердің барлығы, оның ішінде орман да мемлекеттік меншік болып танылады»-деп бекітілген болатын [13]. Осылайша отаршыл жүйе ғасырлар бойы иеленіп келе жатқан қазақ жерлері мемлекет «меншігі», яғни, Ресей империясының меншігі деп жарияланды. Аталған реформалардан кейін Қазақстанды толықтай өз отарына айналдырған Ресей империясы еліміздің табиғи қазба байлықтарын кең түрде игеру үшін оны терең зерттеп білуге құлшына кірісті. Осы мақсатта ғылыми экспедициялар, зерттеуші-ғалымдар, әскери чиновниктер жіберіліп тұрды.

Олар өздерінің есептері мен зерттеулерінде өңірдің геологиялық жағдайы, табиғи қазба байлықтары, оның географиясы жайлы құнды мәліметтер берді. П.П.Семенов [14] кешенді далалық зерттеу әдісі негізінде жасаған қорытындылары, И.В.Мушкетовтың [15] еңбектері Түркістан өлкесінің геологиялық және географиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеуге үлкен үлес қосты. Түркістан өлкесінің қазақтар тұратын Жетісу, Сырдария облыстарын ғалымдар В.А.Васильев, М.Н.Вебер зерттеп еңбектер жазды. В.А.Васильевтің «Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины» атты еңбегінде өңірдің жер жағдайы, рельефі, минералдары, мыс, күміс және қорғасын рудалары туралы деректер келтірген [16]. М.Н.Вебер «Геологические исследования в Сыр-Дарьинской области в 1904 г.» деп аталатын еңбегінде Қаратауғы жапсарлас жатқан тау қыртыстарының, өзенді алқаптардың құрылымы, өсімдіктер әлемі, минералдары туралы мол мәліметтер береді. Сонымен қатар, Қаратауда рудалар кездесетін кен орындары аздығы, ерте замандарда бұл өңірде алтын, мыс, темір және көмір кен орындарының болғандығы аталады [17]. Бұл ғалым Әулие-ата мен Шымкент уездеріндегі пайдалы қазба байлықтар туралы да жақсы мәліметтер берген [18].

XX ғасырдың басында қазақ даласын геологиялық-географиялық тұрғыдан зерттеу, табиғи қазба байлықтарын игеру жаңа кезеңге өтті. Бұл кезеңде Қазақстан біршама зерттелген еді. Ендігі кезекте оны тереңдете детальдық зерттеу, сонымен қатар табиғи қазба байлықтарын кең түрде игеру мәселесі тұрды. XX ғасырдың басында Ресей империясының отары ретінде Қазақстанда негізінен тау-кен өндірісі мен кен-зауыт өнеркәсібі дами бастады. Аталған өнеркәсіп салалары Алтай мен Орталық Қазақстанда өркендеді. Бірақ, бұл кезде мыс, алтын, темір және басқа да қазба байлықтарын шығаратын тау-кен кәсіпорындары шетелдік акционерлік қоғамдардың қолына өткен болатын. Олардың арасында тұңғыш кәсіпорындардың бірі – 1904 жылы Лондонда бұрын Рязанов пен Козицинаға тиеселі болып келген, XIX ғасырдың екінші жартысында өлкедегі мыс балқыту өнеркәсібінің ошағы болған кәсіпорындарды, рудниктер мен кен орындарын пайдалану мақсатында құрылған «Спасск кен рудаларының акционерлік қоғамы» болды [19, 574 б.].

1906 жылы Жезқазған мыс рудалары кеніштерін пайдалану үшін Лондонда «Атбасар мыс кен орындарының акционерлік қоғамы» құрылған еді. Бұл қоғам Жезқазған өңіріндегі Ескөл темір кенішін, әк шығаратын карьерлерді, Байқоңыр алқабындағы таскөмір кеніштерін игеру құқықтарын сатып алған. 1911 жылы қоғамның акцияларының 40 % -ы «Спасск мыс рудалары акционерлік қоғамының» қолына өткен [19, 575 б.].

XX ғасырдың басындағы қазақ даласының қазба байлықтарын игеру, тау-кен өнеркәсібі, ондағы жұмысшылардың жай-күйі, өндірілген өнім көлемі, т.б. мәселелері орыс чиновнигі, инженер А.И. Тименің «Далалық округтегі тау-кен өндірісі және кен-зауыт өнеркәсібінің жағдайы туралы 1915-1916 жылдардағы есебінде» жан-жақты баяндалған [20, 1-153 pp.].

Бірақ бұлардың барлығы негізінен өндіруші кәсіпорындар ғана еді. Ал олар Қазақстанда өңдеуші және қайта өңдеуші кәсіпорындар мен зауыт-фабрикалар салуға, қазақ елін дамытуға мүдделі болмады. Оған империялық билік те мүдделілік танытпады. Осылайша Қазақстан Ресей империясының стратегиясында қазба байлықтары мол тек шикізат көзі ретінде ғана қалып қойды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқулық. /Қ.С. Қаражан, Ж.Ә. Әбсеметова, Ф.А. Қозыбақова, Т.Қ. Мекебаев, С.С. Саржанова, С. Смағұлов, Ш.Б. Тілеубаев/ Ред. басқ. Қ.С. Қаражан. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 302 б.
2. Гладышев Д., Муравин И. Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740-1741 годах. – Геогр. Изв. РГО, 1850. Вып. 5.
3. Рычков Н.П. Дневные записки путешествия в Киргиз-Кайсацкие степи в 1771 году. – Спб., 1772. 104 с.
4. Топография Оренбургской губернии. – Оренбург, 1887. 405 с.
5. Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российской империи. Часть 1. Физическое путешествие по разным провинциям Российской империи, бывшее в 1768 и 1769 году. – Спб., 1773. 750 с.; Паллас П.С. Путешествие по разным провинциям Российского государства. 1772 – 1773 годов. Часть 3. – Спб., 1788. 624 с.
6. Эверсман Э.А. Естественная история Оренбургского края. Часть 1. Вступление в подробную естественную историю Оренбургской губернии или общий взгляд на край Оренбургский в отношении к произведениям природы. Оренбург. 1840.
7. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы, 1996.
8. Бутаков А.Н. Новейшие изыскания на Сыр-Дарье между фортом Перовским и ур. Байлдыр-Тугаем. – Записки РГО, кн.3. отд.1. 1864. С.50-54.
9. Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекетті архиві. 11-қор, 1-тізбе, 1-іс.
10. ҚР ОМА. 11-қор, 1-тізбе, 2-іс.
11. ҚР ОМА. 11-қор, 1-тізбе, 3-іс.
12. ҚР ОМА. 11-қор, 1-тізбе, 4-іс.
13. Материалы по истории политического строя Казахстана. – Алматы, 1960. – Т.1. - С. 395.
14. Семенов П.П. Поездка из укрепления Верного через горный перевал у Суоктюбе и ущелье Буам к западной оконечности озера Иссыккуль в 1856 г. – Записки РГО по общей географии, 1867. Т.1. С. 181-254.
15. Мушкетов И.В. Краткий отчет о геологическом путешествии по Туркестану в 1875 г. – Спб., 1876. 124 с.
16. Васильев В.А. Семиреченская область как колония и роль в ней Чуйской долины. - Пг., 1915. 278 с.
17. Вебер М.Н. Геологические исследования в Сыр-Дарьинской области в 1904 г. – Изв. Геолкома, 1905. Т. 24, № 7-8, с. 347-399.
18. Вебер М.Н. Исследование месторождений медных и свинцовых руд в Аулие-Атинском Чимкентском уездах в 1916 г. – Изв. Геолкома, 1917, т.36, № 1, с.408-413.
19. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2002. - 768 бет, суретті, карталы.
20. ҚР ОМА. 2057-қор, 1-тізбе, 8-іс.